

Абильдина С.К. басқа ғалымдардан ерекшелігі ол- ағылшын тілін меңгеруге ыңғалы болғаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Жоғары мектеп оқытушылары үшін қарқынды ағылшын тілі курсынан өтті. А1 деңгейін табысты бітіргені туралы сертификаты бар, шетел тілдер факультетінің «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша бітірген, ағылшын тілінде пәндерді оқытады: History of pedagogics, Methodology and methods scientifically pedagogical research.

Соңғы уақытта бірқатар республикалық журналдардың редакциялық алқының мүшесі болуы және «Білім және саласындағы зерттеулер» басым бағыты бойынша ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі.

2008ж. – «ЖОО үздік оқытушысы-2008ж.»;

2013ж. - өнертабыстың дамуына қосқан үлесі үшін А. Нобель медалімен марапатталды.

2013ж.-қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі және қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанаты Атқарушы хатшысының Алғыс хатымен марапатталды;

2014ж.-«ЖОО үздік оқытушысы-2014ж.»;

2015ж. - ҚР Ғылым мен техникаға қосқан үлесі үшін мемлекеттік ғылыми стипендия иегері;

2017ж. - педагогика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді;

2018 ж. - білім және ғылым Министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды

ҚР. 2019ж. - ҚР Білім және ғылым Министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

2020 ж. – «БІ.АЛТЫНСАРИН» өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі елеулі жетістіктері үшін.

2020 ж. - Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің 25 жылдық мерейтойлық медалімен марапатталған.

2020ж. - ҚР Педагогика Ғылымдары Академиясының қазіргі мүшесі академиялық атағы берілді.

2021ж. – «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы)

Көріп отырғанымыздай, ғылымның әрбір жыл сайын дәрежесінің атағы мен даңқының арта түсуіне көз жеткізу қиын емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абильдина, С.К., Б.А.Жекибаева, Ж.Б.Асетова. Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды қашықтықтан оқытудың мүмкіндіктері» Программа Международной научно-практической конференции Шоқан оқулары -28 Новая научная парадигма: Коллаборация цифровизация и коммерциализация бағдарламасы. - Алматы: Эверо, 2017. - 228 б. Педагогикалық мамандыққа кіріспе [Мәтін]: оқулық 521б.

2. Абильдина С. К., Асетова Ж. Б. Духовная культура будущих учителей начальных классов как основа профессиональной деятельности

3. Жуматаева Е. Креативтік ойлауды дамытудағы когнитивтік функциялардың өзара байланысы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. «Педагогика. Психология. Әлеуметтану» сериясы. №4 (133) 2020. Нұр-Сұлтан қ. – 123-130б.

4. Жуматаева Е. Қазақ тілін жаңа технологиялармен оқытудың тағылымы Павлодар Toraihyrov University. 2023 , 199

5. Илларионова Л.П. Формирование духовно-нравственной культуры учителя в системе непрерывного педагогического образования: Дисс. ... докт. пед. наук. - М., 2002. // <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-duhovnoy-kultury> (дата обращения: 02.12.2018).

ӘОЖ 373.24

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАГДЫЛАРЫН ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНҢ БІРІ – ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ ДАМУ

Жұмабек А.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту – білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттарының бірі. Бала тілінің дамуы оның танымдық, эмоциялық және әлеуметтік қалыптасуына тікелей әсер етеді. Осы тұрғыда халық ауыз әдебиеті үлгілері – ертегілер, жұмбақтар,

мақал - мәтелдер мен жаңылтпаштар – тіл дамытуда теңдесі жоқ құрал ретінде қарастырылады. Бұл үлгілер баланың дүниетанымын кеңейтумен қатар, сөздік қорын байытып, тілдік қарым - қатынас дағдыларын жетілдіреді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8 - бабында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты ретінде баланың жан - жақты дамуы мен тілін жетілдіру баса көрсетілген. Сондай - ақ, Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына (2022 ж.) сәйкес, білім беру процесінде халықтық мәдени мұра элементтерін пайдалану ұсынылады. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда фольклорлық материалдарды тіл дамыту жұмыстарына енгізу ғылыми тұрғыдан негізделін, тәжірибелік бағытта қолданыс тауып келеді [1].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оның жан-жақты дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайтын *үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы* болып табылады. Бұл кезең – баланың негізгі дағдылары қалыптасатын, соның ішінде сөйлеу, ойлау, әлеуметтік қарым-қатынас және шығармашылық қабілеттері дамитын маңызды уақыт.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығы жоғары, олар еліктеу мен қабылдау арқылы үйренеді. Сондықтан бұл кезеңде тиімді әдістемелер мен ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие құралдарын қолдану – баланың тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Солардың бірі – *халық ауыз әдебиеті*, оның ішінде *ертегілер* – балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуда таптырмас құрал.

Тәрбиенің кілті халық педагогикасында деуге толық негіз бар. Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбиелік мұрасы – ұлт болмысының ажырамас бөлігі. Халық даналығы адамгершілік, имандылық, қайырымдылық, мейірімділік сынды ізгі қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіруді басты міндет еткен. Бала тәрбиесін бесіктен бастаған қазақ халқы жоғары педагогикалық білімі болмаса да, тәрбиенің ең тиімді тәсілдерін өмірлік тәжірибесі арқылы ұтымды қолдана білген.

Халық ауыз әдебиетінің, әсіресе *ертегілердің*, бала тәрбиесіндегі маңызы зор. Ертегілер – баланың ой-санасын оятып, сөйлеу мәдениетін дамытатын көркемдік құрал. Бала ертегі арқылы жақсылық пен жамандықты, әділет пен әділетсіздікті ажыратуға үйренеді, кейіпкерлердің әрекеттерін саралай отырып, қорытынды жасауға дағдыланады. Сонымен қатар, бала ертегідегі кейіпкерлерге еліктеп, өзі де сөйлеуге, иікір айтуға, өз ойын білдіруге тырысады.

Ұлы ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсарин де ертегінің бала дамуына қосар үлесін жоғары бағалап: «Бала кезде, үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады», – деп атап көрсеткен. Бұл иікір бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ертегіні тәрбие мен оқытудың маңызды құралы ретінде кеңінен қолдану – баланың сөйлеу дағдысын жетілдірудің тиімді жолы болып табылады [2].

Ертегі – халық ауыз әдебиетіндегі ең көне әрі кең тараған жанрлардың бірі. Ол – фольклорлық прозаның көркемделген, дамыған түрі ретінде халық дүниетанымының, арман-мұраттарының, ізгілік пен зұлымдық арасындағы күрестің бейнелі көрінісі болып табылады.

Ертегі жанрының пайда болуы мен қалыптасу тарихы өте көне дәуірлерге барып тіреледі. Зерттеушілер ертегінің арғы тегі – миф жанры екендігін айтады. Миф – алғашқы рулық қауымның киелі деп танылған құпия аңыздары мен шежірелерінің жиынтығы болған. Онда әлемнің жаратылуы, табиғат құбылыстары, ата-бабалардың шығу тегі, аспан денелері мен құдайлар туралы баян етілген. Ерте кезеңдерде миф ақиқат ретінде қабылданып, оған адамдар шын сенген. Мифтер тек белгілі ортада, белгілі адамдарға ғана айтылған.

Уақыт өте келе адам санасы дамып, дүниені тану деңгейі артқан сайын миф өзінің "қасиетті" сипатынан айырылып, құпия болудан қалады. Мазмұны жағынан тарылып, тек жеке кейіпкерлер мен олардың басынан өткен оқиғаларды баяндайтын сипатқа ие бола бастайды. Осылайша миф біртіндеп хикаяға, кейіннен ертегіге айналған.

Бүгінгі күнге жеткен ертегілер – осы тарихи дамудың жемісі. Олар халықтың өмірге деген көзқарасын, арманын, қиялын бейнелеп қана қоймай, *тәрбиелік және тіл дамыту құралы* ретінде де үлкен мәнге ие. Балалар ертегі тыңдай отырып, өз ойын жеткізуге, сөздік қорын толықтыруға, байланыстырып сөйлеуге дағдыланады.

Халық ауыз әдебиетінің көрнекті түрі ретінде ертегі тек балаларды қызықтырып қана қоймай, олардың ішкі жан дүниесін тәрбиелеуге, рухани дамуына ықпал етеді. Осы орайда Т.Барласұлы ертегі жанрының адамзат баласы үшін рухани маңызын ерекше атап көрсетін:

"Ертегі – рухани тәрбиенің мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрегіміз гана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі", – деп тұжырымдайды [3].

Бұл анықтамадан ертегінің тек сыртқы оқиғаларды емес, адамның ішкі рухани әлемін де қозғайтын, адамгершілік, ізгілік, әділет, ар-ұят секілді ұғымдарды бала санасына терең сіңіретін құрал екенін көреміз. Ертегі кейіпкерлерінің басынан өткен оқиғалар арқылы бала өз бойындағы жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты айырып үйренеді. Мұндай ішкі қабылдау тек логикалық түсініктен емес, жүреппен түйсіну арқылы жүзеге асады.

Сондықтан мектепке дейінгі кезеңде ертегілерді жүйелі түрде оқу мен талдау – баланың рухани және тілдік дамуына он әсер етін қана қоймай, оның тұлғалық қалыптасуына да үлес қосады.

Қазақ ертегілері – тек қана қызықты оқиғалар емес, олар халқымыздың дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын, ар-ұят, адалдық, батырлық, мейірімділік сынды асыл қасиеттерін бойға сіңіретін баға жетпес рухани қазына. Әсіресе ерте жастан ертегі тыңдап өскен бала, ұлттық тәрбиесі бойына сіңірін өседі.

Бүгінде шетелдік ертегілердің ықпалы күшейіп, бөтен мәдениет пен құндылықтар баланың санасына ерте жастан ене бастады. Ол кейде біздің ұлттық болмысымызға қайшы келіп жатады. Мысалы, «батыр» деген ұғым біз үшін елін, жерін қорғайтын, әділ әрі дана адам болса, кей мультфильмдерде ол тек қана күш көрсетін, тәртіп бұзумен шектеледі.

Ал қазақ ертегілері болса, балаға «Тазша бала» арқылы тапқырлықты, «Алдар көсе» арқылы әділеттілікті, «Ер Төстік» арқылы батырлықты үйретеді. Одан бөлек, туган жерге деген махаббат, үлкенді сыйлау, кішіні қорғау, жамандық пен жақсылықтың ара-жігін ажырата білу сияқты көптеген тәрбиелік мәні бар [4].

Ертегі – халқымыздың рухани байлығы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл қазына. Ол тек балаларға арналған қызықты әңгіме ғана емес, сонымен қатар тәрбие құралы, тарих пен таным көзі.

Ертегілер ерте заманда, жазу-сызу болмаған дәуірде пайда болып, халық арасында ауызша тараған. Олар адамдардың тұрмыс-тіршілігіне, еңбекке, табиғатқа деген көзқарасына негізделген. Қиял мен шындықты астастыра отырып, халық өзінің мұңын, қуанышын, арманын жеткізген. Табиғат құбылыстарының сырын толық түсінбеген халық ертегі арқылы оларға өзінше түсінік берген. Мысалы, желдің соғуын, күннің күркіреуін түрлі бейнелермен байланыстырып, қиял әлемінде бейнелеген.

Қазақ ертегілерінде жақсылық пен жамандықтың күресі, адалдық пен арамдықтың тартысы жнн көрініс табады. «Тазша бала», «Алдар көсе», «Ер Төстік» сынды кейіпкерлер арқылы балаларға тапқырлық, әділдік, батырлық, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттер дәріптеледі.

Қазіргідей шетелдік мультфильмдер мен ертегі кейіпкерлері көбейген заманда, ұлттық ертегілердің маңызын жоғалтпау – маңызды міндет. Қазақ ертегілері баланың ой-санасын дамытып қана қоймай, оның бойына ұлттық құндылықтарды дарытады.

Балалар ертегіні тыңдай отырып, оқиғаға еніп кетеді, өзін кейіпкердің орнында елестетеді. Бұл – олардың елестету, қиялдау қабілетін арттырады. Әрбір ертегі баланың тек танымын кеңейтпей, мінез-құлқын да қалыптастырады. Мысалы, «Қаңбақ шал» ертегісінде кейіпкердің әлсіз болса да ақылымен жеңуі – баланың бойында үміт, сенім, тапқырлыққа деген қызығушылық оятады [5].

Халқымыздың әр ертегімен өрілген өмірлік даналығы ұрпақ тәрбиесінде айрықша рөл атқарады. Тілі көркем, мазмұны терең ертегілер баланың дүниетанымын кеңейтумен қатар, оны жақсы мен жаманды ажыратуға, ізгілік пен әділеттілікке ұмтылуға жетелейді. Халық ертегілері арқылы бала тілі де дамиды, ойы да өседі, жүрегі мейірімге толады.

Мысалы, «Бай баласы мен жарлы баласы» ертегісі – еңбек пен өмірлік тәжірибенің қаншалықты маңызды екенін дәлелдейтін шынайы тәрбиелік туынды. Бұл ертегіде бай баласы өмірдің машақатын көрмей өскен, дайын асқа тік қасық болған болса, жарлы баласы еңбекпен шыңдалып, өмірдің қиындығын жеңе білетін жігіт болып өседі.

Қазақ халқының «Мақта қыз бен мысық» атты ертегісі – баланың алғашқы түсінігіне жеңіл, әрі тартымды, тәрбиелік мәні зор шығарма. Бұл ертегіде адам әрбір ісіне жауапты болуы керек екені айтылады. Мақта қыздың мысыққа берген уәдесінде тұрмауы, ал мысықтың ренжіп кетуі – кез келген қарым-қатынаста сенімділік пен жауапкершілік маңызды екенін ұқтырады. Оқиға барысында кейіпкерлердің бір-бірінен талап етуі арқылы бала шарт қою мен келісім жасаудың, өз құқығын қорғаудың, әділ болудың алғашқы ұғымдарымен танысады. Ертегі соңында кейіпкерлердің татуласуы – кешірімді болудың, тату өмір сүрудің маңызын көрсетеді. Осылайша, қарапайым ғана «Мақта қыз бен мысық» ертегісі арқылы балалар жауапкершілікке, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиеленеді.

Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеушісі А.Байтұрсынов былай деп түсіндіреді:

"Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек

орындары:

1. Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. А.Байтұрсыновтың бұл сөзі ертегінің ең басты құндылықтарының бірін көрсетеді. Ертегілерде көнерген сөздер, тұрақты тіркестер, бейнелі теңеулер, мақал-мәтелдер өте жиі кездеседі. Бұл – ертегіні тіл байлығының баға жетпес қайнар көзіне айналдырады.

2. Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керекті бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді.

А.Байтұрсынов айтқандай, ертегі – бала әдебиетінің негізі. Бала әдебиеті дегеніміз – тек ойын-сауық емес, ол – баланың жан дүниесін, рухын, қиялын, сөйлеу қабілетін дамытатын тәрбие құралы. Әсіресе ертегі – осы міндетті мүлтіксіз атқаратын көркем құрал. Ертегілерде орын алатын таңғажайып оқиғалар, батырлар мен сиқырлы кейіпкерлер, түрлі қиял-ғажайып әлемдер – баланы ойша ізденуге, армандауға, жаңаша ойлауға жетелейді. Осылайша бала тек қиялдап қана қоймай, өз ой-пікірін еркін жеткізе алатын, тілі дамыған, сөйлеу мәдениеті қалыптасқан тұлға болып өседі. Сонымен қатар, ертегіде кездесетін диалогтар, кейіпкерлердің сөйлеу мәнері – баланың сөздік қорын байытып, сөйлеуге деген ынтасын арттырады. Бала ертегі тыңдап қана қоймай, оны қайталап айтып, шығармашылыққа қадам басады.

3. Бұрынғылардың сана-саңлау, қалып-салты жағынан дерек беру үшін керекті бар нәрсе.

Ертегі – тек қиялдан туған шығарма емес, ол – халықтың өмір сүру салтының, дүниетанымының, сана-сезімінің, салт-дәстүрінің айнасы. Әдебиет зерттеушісі А.Байтұрсынов айтқандай, ертегіден бұрынғы ата-бабаларымыздың ойлау жүйесін, таным-түсінігін, моральдық ұстанымдарын, тінті сол дәуірдің қоғамдық жағдайларын аңғаруға болады. Мысалы, ертегілерде жиі кездесетін *жер-су атаулары, салт-жоралғылар, тұрмыстық бұйымдар, киім-кешек сипаттары, туыстық атаулар* – барлығы да қазақ халқының бұрынғы өмірінен сыр шертеді. Сонымен қатар, ертегідегі *әдет-ғұрыпқа қатысты көріністер* (мысалы, жасы үлкенге иіліп сәлем беру, асқа бата жасау, ат қою, жесір дауы, рулық қарым-қатынас) – халқымыздың тұрмыс-салты мен моральдық нормаларының көрінісі. Сондықтан ертегі – тек балаларға арналған шығарма емес, ол этнография, тарих, тіл, мәдениет сияқты ғылым салалары үшін де маңызды дерек көзі. Бұл арқылы біз ата-бабаларымыздың рухани болмысын, өмірлік ұстанымдарын, дүниеге көзқарасын танимыз [6].

Қорытындылай келе, Бауыржан Момышұлының «Мен үш нәрседен қорқамын. Бірінші – баласына бесік жырын айтпаған анадан, екінші – немересіне ертегі айтпайтын әжеден, үшінші – бір-бірімен қазақша сөйлеспеген қазақтардан» деген сөзінен халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі рөлінің ерекше екенін аңғаруға болады. Бесік жыры мен ертегілердің ұлттық құндылықтарды сақтаудағы және баланың рухани дамуына қосар үлесі зор. Бұл дәстүрлер арқылы балаларға тек тіл үйретіліп қана қоймай, сонымен қатар олар өз халқының тарихын, салт-дәстүрлерін, ұлттық бірегейлігін сезініп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын рухани құндылықтарды бойларына сіңіреді [7].

Сондықтан, ертегілер балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін тиімді әдіс ғана емес, оларды қазақ халқының мәдениетімен таныстырудың да маңызды жолы болып табылады. Ертегілер арқылы баланың рухани әлемі байып, әлемге деген көзқарасы кеңейеді. Сонымен қатар, бұл шығармалар арқылы оларда жақсы әдеттер мен моральдық құндылықтар қалыптасады, өз халқының тілі мен дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пайда болады.

Ертегі – халық даналығының қайнар көзі. Ол арқылы жас ұрпақ тек қана көңіл көтеріп қоймай, өмір сүрудің мәнін, адамгершілік пен әділдікті үйренеді. Сондықтан қазақ ертегілерін тыңдау, оқу, насихаттау – ұлт болашағы үшін қажет іс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: ҚР Әділет министрлігі, 2007. – №319-III. – 8-бап.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары / құраст. Ш. Әбенев. – Алматы: Жазушы, 1983. – 368 б.
3. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1991ж. 376 б.
4. Сейітова Б. *Қазақ ертегілерінің тәрбиелік мәні*. – Астана: Фолиант, 2017. – 160 б.
5. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 160б.
6. Байтұрсынов, А. Ақ жол: мақалалар мен зерттеулер / құраст. Р. Нұрғали. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
7. Момышұлы Б. Жұлдызды сәттер / Құраст. Ж. Әлімбаев. – Алматы: Өнер, 2004. – 352 б.